

**"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 2606 Заң күші бар жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат ; N 18, 429-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-бапта:

үшінші бөлігіндегі "мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына" сөздері " мемлекеттік органдарға" сөздерімен алмастырылсын;

төртінші бөлігіндегі "мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер" сөздері "мемлекеттік органдар" сөздерімен алмастырылсын.

2. 5-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әскери қызметшілер партиялардың, кәсіптік одақтардың қатарында болмауға, қандай да бір партияны жақтамауға тиіс".

3. 8-бапта:

алтыншы бөлігіндегі "халық депутаттарының жергілікті Кеңестері" сөздері " атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын;

сегізінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі немесе Президенті" сөздері "Қазақстан Республикасының заңдары" сөздерімен алмастырылсын.

4. 9-бапта:

тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге көтермелеу түрінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпыәскери жарғыларында белгіленген тәртіппен қысқа мерзімді демалыс беріледі";

оныншы бөлігі алынып тасталсын.

5. 11-бапта:

бірінші бөлігіндегі "Қазақ КСР-індегі меншік туралы" Қазақ КСР Заңына" сөздері "Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына" сөздерімен алмастырылсын;

алтыншы бөлігіндегі "жергілікті мемлекеттік өкімет және басқару органдары" сөздері "атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын, "және халық депутаттарының жергілікті Кеңестері" сөздері алынып тасталсын.

6. 12-бапта:

екінші, төртінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктеріндегі "жергілікті мемлекеттік өкімет және басқару органдары" сөздері "атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын.

он екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқалары) қызмет өткерген жылдарына қарамастан, сондай-ақ әскери қызметтен жасына, денсаулық жағдайына, штаттың қысқаруына байланысты босатылған 20 және одан да көп қызмет өткерген жылдары бар адамдар отбасы мүшелерімен тұратын бүкіл тұрғын үй алаңына, коммуналдық қызметке, отынға және мемлекеттік, ведомстволық, жекешелендірілген үйлерді пайдалануға кететін шығындарға, сондай-ақ пәтеріне телефон орнатып, пайдаланғанына ақыны 50 проценттен аспайтын мөлшерде төлейді".

7. 13-баптың жетінші бөлігіндегі "адамдарға" сөзі "әскери қызметшілерге" сөздерімен алмастырылсын.

8. 14-баптың тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, әскери оқу

орындарының стипендия алатын курсанттарына (тыңдаушыларына) мынадай жағдайларда:

осы баптың үшінші бөлігінде көзделгендей жағдайда: - ең төменгі 500 жалақы мөлшерінде;

осы баптың алтыншы бөлігінде көзделгендей жағдайда;

I-топтағы мүгедекке ең төменгі 250 жалақы мөлшерінде;

II-топтағы мүгедекке ең төменгі 150 жалақы мөлшерінде;

III-топтағы мүгедекке ең төменгі 50 жалақы мөлшерінде;

осы баптың жетінші бөлігінде көзделгендей жағдайда: ауыр жарақат үшін ең төменгі 12 жалақы мөлшерінде, жеңіл жарақат үшін ең төменгі 4 жалақы мөлшерінде сақтандыру сомалары төленеді".

II. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Үкіметтің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірілсін;

министрліктер мен ведомстволардың осы Жарлыққа қайшы келетін өз нормативтік актілерін қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін.

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.  
Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ